КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 мамыр №2301-23-00-2/407 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Меерманова Марьям Мыктыбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 34 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.А.Максотова
Прокурор М.Кыстаубаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылғы 30 желтоқсандағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-15 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер екі желі үшін диаметрі 200 және 300 мм магистральдық сумен жабдықтау үшін UVR-T модификациясы M1.2/V (жоғарғы ағын түрлендіргіштері бар екі арналы) ультрадыбыстық жылу өлшегіш негізіндегі өлшеу қондырғысы тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 730 000 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн болып, яғни 2023 жылғы 26 қаңтарға дейін белгіленген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын, тауарды жеткізбегенін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талабын қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор М.Қыстаубаева берген қорытындысында талаптың толықтай қанағаттандырылуға жататынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, қазіргі таңда жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған.

АПК-тің 171-бабының 2-бөлігіне сай, жауапкердің талап қоюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады. Талап қоюдың бөлігі мойындалған жағдайда дәлелдемелерді зерттеу жауапкердің талап қоюды мойындамаған бөлігінде ғана жүргізіледі.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылады.

№2 талабы бойынша, АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден міндеттеме орындалмаған 20 күнге есептелген 34 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының пайдасына жауапкерден 34 600 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандыруға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер "МЕЕРМАНОВА" Меерманова Марьям Мыктыбековнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 34 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер "МЕЕРМАНОВА" Меерманова Марьям Мыктыбековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер "МЕЕРМАНОВА" Меерманова Марьям Мыктыбековнадан «Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 34 600 (отыз төрт мың алты жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 1038 (бір мың отыз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Дара кәсіпкер "МЕЕРМАНОВА" Меерманова Марьям Мыктыбековнадан мемлекеттік кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: шешім 2023 жылғы 03 шілде күні заңды күшіне енді.

Судья А.Р.Балмуханова